



ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауы аясында «Қазақстанның мемлекеттік этноұлттық саясаты: жаңа трендте» тақырыпта семинар өтті.

Елдіктің арқауы

Елбасының Жолдауын іске асыру бойынша мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастыру және идеологиялық жұмысының әдістерін жетілдіру мақсатында мемлекеттік қызметшілер, этномәдени бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдарының басшыларымен өткізілген семинарда этносаралық қатынастар мен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі кеңінен сөз болды. Семинарға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Қамал Бұрханов, филология ғылымдарының кандидаты Владимир Примин, облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Гүлжанар Шөкеева және Ақмола аймақтық орталығының директоры Николай Политкин қатысты. Мәртебелі мейман Қамал Низамұлы «Қазақстандағы мемлекеттік тілдің ролі» тақырыбында жасаған баяндамасында қазақ тілінің болашағы, елдің тарихы, экономикалық дамуы, халықтар достастығы жайлы пікірлерін айтып, ой бөлісті. Ал филология ғылымдарының кандидаты Владимир Примин Қазақстан Халқы Ассамблеясының 17 сессиясында «Тәуелсіз Қазақстан: «Бейбітшілік, келісім мен жасампаздықтың 20 жылы» – деген сөз аясындағы міндеттер туралы айтып берді. Облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Гүлжанар Шөкеева республика мен облыста ішкі саясат тұрақтылығын сақтау, мемлекеттік органдардың азаматтық қоғам институттарымен өзара тығыз қарым-қатынасын орнатуға бағытталған идеологиялық және түсіндіру жұмыстарының әдістерін жетілдіру жөніндегі қазіргі білім мен дағдыларды меңгерту, этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісінің мағынасын елге таныстыру хақында әңгімеледі. Семинар соңында Парламент Мәжілісі депутаты Қамал Бұрханов өзіне қойылған сауалдарға жауап қайтарды.

Жұрағат БАМАН.



Тәуелсіз еліміздің төлқұрдасы «Көкшетау минералды сулары» акционерлік қоғамы өзінің 20 жылдық мерейтойы «Көкшетау» мәдениет сарайында салтанатпен атап өтті.

Бізге қуаныш

Жетістікке толы 20 жыл

Жиынға облыстық мәслихаттың хатшысы Әмірсерік Мұсабаев қатысып, облыс әкімі Сергей Дьяченконың атынан ұжым мүшелерін құттықтады. Мінбеге шыққан қала әкімі Мұнарбек Батырханов та мерейтой иелеріне өз ниетін жеткізіп, зор жетістік тіледі. Өндіріс орнының негізін қалаған, әлі де ерге бастап жүрген іскер азамат Асқар Әлиевке құрмет көрсетіліп, игі де жақсы тілектер айтылды. Бүгінде өз қабырғасында мыңнан артық адам жұмыс істейтін ұжым күніне облысымыздың бюджет қоржынына 10 млн. теңге салық төлейді екен, ал жылына бұл цифр 3 млрд. теңгені құрап отыр. Бір жылдың ішінде ғана қаланың әлеуметтік жағдайын қолдауға 100 млн. теңгеден астам қаржы бөлген. Бұл орайда қаланың құрметті ардагері Зура Шуатаева кәсіпорын басшылығына ел алғысын жеткізді. Озат жұмысшылар Жаңабек Көкенов, Василий Королев, оператор Сергей Гуш, жинақтаушы-слесарь Анатолий Гонтаренко, бас технолог Раиса Шербакова, Виктор Ридигер «20 жылдың үздігі» атағына ие болды. Мерекелік шараға қатысушыларды Атырау, Семей, Астана, Қарағанды, Алматы мен Новосибирск қалаларынан келген әріптестері де құттықтады.

«Көкшетаудың» өз ақпараты.

«Балғын шақ» байқауы

Көкшетау қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі бала бақшалардағы өзге ұлттың балдырғандары арасында дәстүрлі «Балғын шақ» байқауын өткізді.

Жұрағат БАМАН

«Балғын шақ» байқауына қала бала бақшаларында қазақ тілінде тәлім тәрбие алып жатқан 5-6 жас аралығындағы бүлдіршіндер қатысты. Қазақ тілінде сөлемдесу, өлеңдер, тақпақтар айту жөніндегі сында «Қарлығаш», «Жарқын», «Арман», «Аленушка», «Қуаныш», «Еркемай», «Чайка», «Айналайын», «Звоночек», «Бота», «Ертістік», «Әсел», «Аққу» және Гагарин атындағы мектеп-бала бақшаларының жеткіншектері Юрий Дмитрий, Карина Петрова, Даша Почуева, Никита Якшагулов, Лиза Попова, Элина Сорокина, Ксения Гунько, Саша Григорьев, Елена Коробенко және Ангелина Агафонова алғыс хаттар мен сыйлықтарға ие болды. Үшінші орын «Әсел» мектеп-бақшасының бүлдіршіні Валерия Шпангельге, екінші жүлделі орын «Арман» мектеп-бақшасының балдырғаны Милана Подветельскаяға және бірінші орын «Звоночек» мектеп-бақшасының оқушысы Алина Репецкаяға бұйырды. Ал «Балғын шақ» байқауының бас жүлдесі «Қуаныш» мектеп-бақшасының тәрбиеленушісі Никита Лопатиннің қанжығасына байланды.

Құлагердің шабысын көрген бұл ел!

Асылай ҚАДЫРҚЫЗЫ, журналист

Салауатты өмір салтын қалыптастыруда ұлттық спорт түрлерінің алатын орнының айрықша екеніне тоқталған облыс әкімі Сергей Дьяченко сәйгүлігі желдей ескен шабандоздар мен ат жарыс десе делебесі қозатын жанкүйерлерге сәттілік тілеп, бүгінгідей бәйгелер жасөспірімдердің болашақта көсіпқой шабандоз болып шығуларына да игі ықпалын тигізетіндігіне сенім білдірді.

Ақмола өңірінде жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан ұлттық ат спорты маусымының ашылуына Алматы, Астана, Көкшетау қалаларымен қатар, Қостанай, Қарағанды, Петропавл, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстарынан және өз облысымыздың 5 ауданынан сәйгүліктерін бәйгеге қосқан 100-ге тарта шабандоздар қатысты. Сол күнгі ауа райы да сайын дала төсі төрт аяғын тең басқан сәйгүліктерін сағынғандай мамыражай күйге бөледі.

Сонымен, сан алуан жүйріктер бәйгеге шапқан дүбірлі додада 5000 метрлік құнан бәйге мен жорға жарыс, 15 шақырымдық аламан бәйгемен тоғыз түрлі қашықтықтағы жарыс көрігі қыза түсті. Ежелден ат құлағында ойнаған ата-бабамыздан жалғасын тауып келе жатқан 1600 метрлік бәйгесі Ұлы Жеңістің 66 жылдығына арналды. 10 сәйгүлік сынға түскен бұл қашықтықта Алматы қаласының «Қасқарау» асыл тұқымды жылқы фермасынан келген аттар алғашқы екі орынды иеленсе, 3-орынға өз сәйгүлігімен көкшетаулық Румия Усманова табан тіреді. Одан әрі, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы құрметіне арналған бес шақырымдық қашықтықтағы құнан бәйгеде 16 шабандоздың қатысуымен 1-орынды Зеренді селосындағы «Көктөбе» асыл тұқымды жылқы фермасынан «Гайша» атты сәйгүлігімен М.Әбсәламов жеңіске жетіп, Атбасар жөндеу зауытының директоры Сағат Рақышевтың бәйгеге тіккен ВА3-21-08 жеңіл автокөлігінің иесі атанып, арнайы кубокпен марапатталды. Ал жүлделі 2-орынды «Ракетка» сәйгүлігімен қостанайлық А.Волохов, 3-орынды «Рекордсмен» атты жануарымен Балтабаев иеленді. Жүлдегерлерді марапаттау рәсімін облыстық «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Шойкин мен облыстық ат спорты түрлері федерациясының президенті Тілеген Мәткенов жүргізіп, жеңімпаздарға екі камералы тоңазытқыш пен ноутбук тарту етті.

Облыс әкімі Сергей Дьяченко өткен сенбі күні Красный Яр кентіндегі «Құлагер» атшабарында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына, Ұлы Жеңістің 66 жылдығына және даңқты жерлесіміз Қажымұқан Мұңайтпасовтың туғанына 140 жыл толуына арналған ат жарыс маусымының ашылу салтанатына қатысып, құттықтау сөз сөйледі.



Суреттерді түсірген Әлібек АХМЕТОВ, Төлеген ҚОСШЫҒҰЛОВ.

Бақ шаба ма, бап шаба ма?

Ат жарыс маусымы салтанатты жағдайда ашылды



3 жастағы аттар арасындағы 1800 метрлік жарыс жолына шыққан 9 сәйгүліктен 1-орынды шабандоз Д.Волохов, ақтөбелік М.Костюшин 2-орынды, ақтөбелік шабандоз Р.Ахмадиев 3-орынды жеңіп алды. 2009 жылы туған сәйгүліктер арасындағы 1000 метрлік «Сынақ» бәйгесіне 4 шабандоз өтініш беріп, олардың арасынан павлодарлық Е.Құсайынов мінген сәйгүлік бірінші келді. 2-орынға өз сәйгүлігімен тағы да павлодарлық шабандоз Т.Сатаров жетсе, ал, Алматы қаласынан «Қасқарау» асыл тұқымды жылқы фермасының «Садака» сәйгүлігімен А.Құлтасов 3-ші жүлделі орынға қол жеткізді.

Сондай-ақ, 5000 метрлік жорға жарысқа қосылған 10 жүйріктің ішінен Сандықтау ауданынан Д.Волохов өз жорғасымен 1-орынды қанжығасына байлап, осы қашықтыққа Көкшетау экономика және менеджмент институтының ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Әбілмәжін Аюлов бәйгеге тіккен 500 мың теңгенің 250 мыңына қол жеткізсе, Астана қаласынан «Француз» жорғасымен шабандоз В.Старцев 2-орынға табан тіреп, 150 мың теңге, Солтүстік Қа-

зақстан облысынан өз сәйгүлігімен К.Бекетаев жүлделі 3-орынды иеленіп, 100 мың теңге сыйақы алды.

Екі жасар биелер арасындағы 1000 метрлік жарыста Франция, Америкадан әкелінген шетелдік 3 сәйгүлік бәйгеге қатысып, Алматы қаласынан «Сақшы» сәйгүлігі (шабандозы Румия Усманова) 1-орын, Павлодар қаласының жорғасы 2-орын (шабандозы Е.Құсайынов), Сандықтау аудандық «Лайна» асыл тұқымды ат фирмасынан сәйгүлігі (шабандозы Ю.Ступников) атты 3-орындарды бөлісті. Жанкүйерлерін қызықтыра түскен келесі 2400 метрлік бәйгеде үлкен жастағы он сәйгүлік қатысып, Алматы қаласынан «Қасқарау» асыл тұқымды жылқы фермасының жүйрігі (шабандозы Алмаз Құлтасов) мәре сызығын бірінші, Павлодар қаласынан сынға түскен «Жібек» сәйгүлігі (шабандозы Е.Құсайынов) екінші, Көкшетау қаласынан шабандоз Румия Усманова мінген сәйгүлік үшінші болып қиып өтті. Келесі 1200 метрлік «Сынақ» бәйгесіне жеті ат қатысып, оларда классикалық сәре қақпасынан өтті. Осы бір тартысты өткен жарыста 1-орынды «Николь» биесімен көкшетау-

лық А.Бекжанов, 2-орынды «Бейбарыс» атты айғырымен көкшетаулық Румия Усманова, 3-орынды Павлодар қаласынан «Жребий» сәйгүлігімен Т.Сатаров иеленді.

«Құлагер» ат шабарына жиналған жанкүйерлердің тағатсыздана күткен шешуші жарысы аламан бәйге еді. Бұл бәйге қазақ даласының батыры Қажымұқан Мұңайтпасовтың 140 жылдығына арналды. 15 шақырымдық аламанға барлығы 21 шабандоз жүйріктерімен қатысты. Сөйтіп, Астана қаласынан А.Старцевтің сәйгүлігі мәре сызығын бірінші болып қиып, Ақмола облыстық әкімдігі бәйгеге тіккен жеңіл автокөліктің иесі атанды. С.Барменқұлов (Щучинск қаласы) «Қарлығаш» биесімен екінші орынға, көкшетаулық (Красный Яр селосы) С.Үртембаев «Агдалан» атымен үшінші орынға ие болды. Сонымен, «Бақ шаба ма, бап шаба ма», дегендей ат жарыс өз мересіне жетіп, жанкүйерлер бәйгенің тартысты да қызықты өткеніне, биылғы ат жарыстың ерекше дайындықпен басталғанына ризашылық сезімдерін білдіріп, әр бәйгенің арасында әсем өн тыңдап, жақсы көңіл-күймен тарқасты.

Баспаналы болып, қуанышқа кенелдік

Осыдан төрт жыл бұрын қаламыздағы көп қабатты үйлердің бірінде құрылысшы болып жұмыс істеп жүргенімде, жоғарғы қабаттан оқыс құлап, төсек тартып қалған едім. Бүгінгі күні біреудің көмегін қажет ететін 1-ші топтағы мүгедекмін. Алайда, еңбекке жарамсыз болғандықтан, баспана мәселесін шешу оңайға түспеді. Ертеректе баспана кезегінде тұрғаным. Бертін барма-

ған жерім, баспаған тауым қалмады. Биыл көптен күткен сол қуаныш-

Алғыс

қа жетіп, пәтер мәселесі шешіліп, балаларым бала бақшаға орналас- тырылды. Осы тілегімді қабыл алып, көмек қол ұшын созған Көкшетау қаласының әкімі Мұнарбек Батыр-

хановқа, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының белсенді мүшесі Ерлан Жұмановқа, облыстық мәслихаттың депутаты, «Зеленстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Геннадий Осиненкоға және Гагарин атындағы бала бақшасының директоры Бақытжамал Омароваға отбасымның атынан алғысымыз шексіз.

Еркін ФАББАСОВ.